

Агроөнеркәсіп кешенін өсімдіктерді қорғау құралдарымен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 6 мамыр N 130-ө

Республиканың агроөнеркәсіп кешенін өсімдіктерді қорғау құралдарымен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті мен "Прогресс" акционерлік қоғамының "Рон-Пуленк" француз фирмасымен өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен "Прогресс" АҚ акционерлерінің жиналысында:

"Прогресс" АҚ мемлекеттің салымы ретінде құрылатын бірлескен кәсіпорынның жарғылық қорына берілетін өндірістік қуаттары мен мүлкінің тізбесін айқындау; өндірісті бөліктеу;

"Прогресс" АҚ өндірістік қуаттары мен мүлкінің бөліктендірілген бөліктерін мемлекеттің салымы ретінде құрылатын бірлескен кәсіпорынның жарғылық қорына беру мәселелері бойынша шешім қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен

активтерді басқару департаменті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп "Прогресс" АҚ акционерлері жиналысының шешімінен кейін бір ай мерзім ішінде құрылатын бірлескен кәсіпорынның құрылтайшылық құжаттарын әзірлеу және бекіту жөнінде шаралар қабылдасын.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК